





Родионов Петр Зиновьевич  
1923 жылы Татар АССР-і Больше-Таханов ауданы  
Кадышево селосында туған. 1942 жылы майданға  
аттанған. Орталық фронттың 34- мото-атқыштар  
бригадасында соғысқан. Ржев қаласы түбіндегі шайқаста  
ауыр жараланып, 3 ай госпитальде емделеді. 1943 жылдың  
желтоқсан айынан бастап 144- жеке атқыштар  
дивизиясының 617- атқыштар полкінің құрамында Выборг  
қаласын азат етуге, Ленинград қаласын қоршаудан азат  
етуге қатысады. 5- гвардиялық жеке артиллерия  
дивизионының 254-минометтік полкінде барлаушы болған.  
1944 жылдың 14 қазанында түнде Тисса өзенінен өтіп,  
жаудың күшін жобалап, ату нүктелерін анықтап «тіл»  
әкелуге барады. Жау әскеріне бірінен соң бірін екі  
гранатты лақтырып, тапсырманы мүлтіксіз орындайды.  
1944 жылы желтоқсан айында Будапешт қаласы үшін  
шайқаста ауыр жараланып, Жеңіс күнін госпитальде  
қарсы алады. Соғыста көрсеткен өжет ерлігі мен  
батырлығы үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Отан  
соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» және бірнеше мерекелік  
медальдармен, «тың және тыңайған жерлерді игергені  
үшін» медалімен марапатталды. «Кеңес Одағының  
Батыры» атағы берілді. Соғыстан кейін совпартия  
мектебін бітірген соң жолдамамен қазақстанға жіберіледі.  
Аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің  
үгітшісі, мектеп директоры болып жұмыс істеген. 1961  
жылдан өмірінің соңына дейін Тасты совхозында жұмыс

істеген. 1978 жылы 27 шілдеде қайтыс болды.

